

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика
комитетінің кеңейтілген отырысының
ХАТТАМАСЫ**

2019 жылғы 19 сәуір

Нұр-Сұлтан қаласы

Төрағалық еткен:

ҚР Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

Н.С. Айдапкелов

1. «Комитеттің 2019 жылғы I тоқсандағы жұмыстар қорытындысы және II тоқсанға қойылған негізгі міндеттері туралы»

(Н.С.Айдапкелов)

1. Статистика комитетінің төрағасы Н.С. Айдапкеловтің ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшыларына:

2.1. жұмыс орындарында сыртқы экономикалық қызметтің әрбір қатысушысы бойынша өзара сауда деректерінің алшақтықтарын қысқарту бойынша жұмыс жүргізісін.

2.2. интервьюерлердің жұмыс сапасын, олардың үй шаруашылықтарына баруын тексеруді ерекше бақылауға алсын.

2.3. халықтың өлім-жітімінің сапалы статистикасын қалыптастыру мақсатында деректер базасын АЕО-ға жіберер алдында өлімнің медициналық куәліктері бойынша енгізілген деректердің дұрыстығын тексеруді жүзеге асыру, сондай-ақ өлімнің себептеріне сәйкессіздіктерді төмендету мақсатында аумақтық денсаулық сақтау органдарымен өзара іс-қимыл жасау қажет.

2.4. Кәсіпкерлік кодекс пен "Мемлекеттік статистика туралы" Заңның нормаларын түсіндіру бойынша, кәсіби бақылауды жүзеге асыру бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізісін.

2.5. жергілікті жерлерде әлеуетті респонденттермен қайта қарауға жататын нысандарды талқылауды ұйымдастыру және нәтижелері бойынша ақпаратты а. ж. 3 мамырына дейінгі мерзімде уақтылы жіберу қажет.

2.6. есептерді электронды түрде тапсыру динамикасын ескере отырып, алдағы жылға арналған бланк өнімдерін тираждау қажеттігіне егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ақпаратты а. ж. 30 маусымға дейінгі мерзімде ұсынсын.

2.7. ұлттық санақтарға дайындық және өткізу жөніндегі бөлімдердің (штаттан тыс бөлімі) мамандарымен шарттарды 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартуды қамтамасыз ету.

2.8. мемлекеттік статистиканың 100 жылдығын өткізу жоспарына ұсыныс берсін.

2. «ШОК статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде сапаны қамтамасыз етудің негізгі проблемалары»

(М.В.Мисюра)

1. Құрылымдық статистика басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшыларына:

2.1. 1-ПФ және 2-МП нысандары бойынша статистикалық байқаулар бойынша бастапқы деректердің қамтылуы мен сапасын, ауыл шаруашылығының

салалық статистикасын және 2-қызмет көрсету (білім беру) және 2 қызмет көрсету (денсаулық сақтау) әлеуметтік блогын тексеруді бақылауға алсын.

2.2. ОСД қызметкерлері ШОК статистикасы бойынша ПӘ ДБ кешенімен жұмыс істеуді және аудандар бөлінісінде шок көрсеткіштері бойынша ақпаратты жариялауды үйренуі қажет.

3. «Ақпараттық технологиялар басқармасының I тоқсандағы жұмыс қорытындылары және ағымдағы жылға негізгі міндеттері туралы»»

(Е.А.Бекбердиев)

1. Ақпараттық технологиялар басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын

2. Аумақтық статистика органдарының басшыларына:

2.1. онлайн режимінде статистикалық нысандарды ұсынған шағын респонденттердің үлесін арттырсын;

2.2. "Респондент кабинеті" мобильдік қосымшасы іске қосылғаннан кейін респонденттерге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізсін.

3. АЕО РМК:

3.1. "Ұлттық халық санағын жүргізуді ескере отырып, "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту" шеңберінде жоспарланған барлық жұмыстарды мерзімінде аяқтасын;

3.2. «Есептілік күнтізбесі (2019)» модулінің ақауларын жою;

3.3. "е-Статистика" ИАЖ-да респонденттерге бармай алдын-ала бақылау жүргізу процесін 2 жартыжылдықтың соңына дейін АТБ-мен бірлесіп автоматтандырсын».

4. «Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер басқармасының 1-тоқсанның қорытындылары мен ағымдағы жылға қойған міндеттері»

(Д.А.Исаев)

1. Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Салалық басқармалар 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін 2020 жылға арналған статистикалық нысандарға және классификациялық атрибуттар бөлігінде статистикалық әдіснамаға өзгерістер енгізуді қамтамасыз етсін;

3. Аумақтық статистика органдарының басшыларына:

3.1. ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін актуалды емес байланыс нөмірлерін алып тастау бөлігінде СБТ-ны пысықтасын;

3.2. респонденттермен классификациялық атрибуттарды өзгерту бойынша респондент кабинетін пайдалану бөлігінде жұмысты күшейтсін;

3.3. 2020 жылға арналған мұздатылған кесіндіні қалыптастырғанға дейін заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін, дара кәсіпкерлерді статистикалық бизнес-тіркелімде қайта кодтауды қамтамасыз етсын;

3.4. ТҚСТ АЖ жүргізу және актуалдау бойынша КАЗ үшін жиі оқыту жүргізсін.

Төраға

Н. Айдапкелов